Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК БАСПАНА

ГОСУДАРСТВЕННОЕ СОЦИАЛЬНОЕ ЖИЛИЩЕ

ҚР ҚН 3.02-03-2012
СН РК 3.02-03-2012

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

ҚР ҚН 3.02-03-2012
СН РК 3.02-03-2012

АЛҒЫ СӨЗ

1	**ӘЗІРЛЕГЕН:**	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Монолитстрой-2011» ЖШС
2	**ҰСЫНҒАН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3	**БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

1	**РАЗРАБОТАН:**	АО «КазНИИСА», ТОО «Монолитстрой-2011»
2	**ПРЕДСТАВЛЕН:**	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3	**УТВЕРЖДЕН (ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:**	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ IV
1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 1
3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР 3
4 МАҚСАТ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫ ТАЛАПТАР 3
5 ӘЛЕУМЕТТІК ПӘТЕР-ҮЙДІҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ (ТҰТЫНУШЫЛЫҚ) САПАЛАРЫ 3
6 ӘЛЕУМЕТТІК ПӘТЕР-ҮЙДІҢ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ САПАЛАРЫН СИПАТТАЙТЫН ТАЛАПТАР МЕН ПАРАМЕТРЛЕР 7
7 ТҰРҒЫН ҒИМАРАТТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 10
8 ИНЖЕНЕРЛІК ЖАБДЫҚТАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 12
9 ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 13
А ҚОСЫМШАСЫ (*міндетті*) Терминдер мен анықтамалар 14
Б ҚОСЫМШАСЫ (*міндетті*) Мемлекеттік әлеуметтік пәтер-үй үй-жайларының аудандарының төменгі шектері 17

КІРІСПЕ

Осы құрылыс нормалары (ары қарай – ҚН) Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде міндетті негізде қолдану үшін қолданысқа енгізіледі. Құрылыс нормалары мемлекеттік нормаларда міндетті функционалдық талаптарды және әлеуметтік пәтер-үйдің негізгі тұтынушылық сапасы анықтайтын, мемлекет тұрғысынан кепілдеме берілетін жайлы тұрғын үйлердің тұтынушылық сапаларының оңтайлы деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін – жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптарды белгілеу жолымен азаматтар мен мемлекеттің әлеуметтік тұрғын үйдің сапасына қатысты сұрақтары бойынша мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚР ҚН 3.02-03-2012
СН РК 3.02-03-2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК БАСПАНА

ГОСУДАРСТВЕННОЕ СОЦИАЛЬНОЕ ЖИЛИЩЕ

Енгізілген күні - 2015–07–01

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары тұрғын заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік осал қатарына жататын, сондай-ақ әлеуметтік қолдауға құқығы бар мұқтаж азаматтарға жалға берілетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тұрғын қорының тұрғын ғимараттарын (пәтер типтегі тұрғын ғимараттар, жатақханалар, қарттар және/немесе мүгедектерге арналған қызмет көрсетуі бар арнайы тұрғын үйлер) жобалауға таралады.

1.2 Нормалар биіктігі 25 жерүстілік қабатқа дейінгі тұрғын ғимараттарды жобалауға таралады.

1.3 Осы нормалардың ережелері Қазақстан Республикасы аумағында, меншік және бағыныштылық нысанына тәуелсіз, ішінде шетелдік қатысуды қоса, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, сонымен қатар министрліктердің, ведомстволардың және басқа да басқару органдарының қолдануы үшін міндетті болып табылады.

1.4 Осы құрылыс нормалары жеке тұрғын қорының пәтер-үйлері мен жатақханаларын, инвентарлық және жеделәрекетті тұрғын ғимараттарды, эпизодтық тұруы бар ғимараттарды (мотельдер, пансионаттар, қонақүйлер ж.с.с.), сонымен қатар мүгедектер мен қарттарға арналған интернат үйлерді, пансионаттарды және басқа медициналық-әлеуметтік мекемелерді жобалауға таралмайды.

1.5 Құрылыс нормалары пәтер-үйге қойылатын нормативтік талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, тұтынушы үшін тиімді және сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен құпталған техникалық шешімдері бар әлеуметтік пәтер-үйді жобалау жөніндегі ережелердің жинағын өңдеу үшін негіз болады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы мемлекеттік нормативті қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар керек:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (ерекше бөлім);

«Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16-сәуірдегі № 94-1 ҚРЗ;

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16-шілдедегі № 242-II ҚРЗ;

«Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 09-қарашадағы № 603-II ҚРЗ;

«Өрт қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 22-қарашадағы ҚРЗ;

ҚР Үкіметінің 17.11.2010 ж. № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті;

ҚР Үкіметінің 16.01.2009 ж. № 14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті;

ҚР Үкіметінің 29.08.2008 ж. № 796 қаулысымен бекітілген «Ғимараттарды, құрылыстарды, үй-жайларды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигнализициясымен, хабарлау және өрт кезінде адамдарды эвакуациялауды басқарумен жабдықтауға қойылатын талаптар» техникалық регламенті;

ҚР Үкіметінің 01.12.2011 ж. № 1431 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары;

ҚР СанЕжН № 3.01.035–97 «Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың үй-жайларындағы және тұрғын құрылыс салу аумағындағы шудың мөлшерлі-рұқсатты деңгейі» санитарлық ережелер және нормалар;

ҚР СанЕжН № 3.01.030–97 «Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың үй-жайларындағы және тұрғын құрылыс салу аумағындағы инфрадыбыс пен төменгі жиілікті шудың мөлшерлі-рұқсатты деңгейі» санитарлық ережелер және нормалар;

ҚР СанЕжН № 3.01.032–97 «Тұрғын үй-жайларындағы дірілдің мөлшерлі-рұқсатты деңгейі» санитарлық ережелер және нормалар;

ҚР ҚНжЕ 3.01-01-2008 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық жерлерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚНжЕ 3.02-10-2010 Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың инженерлік жабдығының байланыс, дабылдама және диспетчерлеу құрылғылары. Жобалау нормалары.

ҚР ҚНжЕ 3.02-43-2007 Тұрғын ғимараттар.

ҚР ҚНжЕ 4.01-41-2006 Ғимараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 1.01-01-2011 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 2.04-02-2011 Шудан қорғау.

ҚР ҚН 2.04-03-2011 Ғимараттардың жылу қорғанысы.

ҚР ҚН 3.02-01-2011 Көп пәтерлі тұрғын ғимараттар.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚН 4.04-23-2004 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды электрмен жабдықтау. Жобалау нормалары.

МҚН 3.02-05-2003 Тез бейімделмейтін топтар үшін ғимараттар мен құрылыстардың қолжетімділігі.

ҚР ҚБҚ 3.01-05-2001 Қала құрылысы. Елді мекендерді мүгедектер мен халықтың тез бейімделмейтін топтарының мұқтаждығының есебімен жоспарлау және құрылысын салу.

ЕСКЕРТПЕ Осы мемлекеттік нормативті пайдалану кезінде сілтемелік құжаттардың әрекетін ағынды жыл жағдайы бойынша жасалатын ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында әрекет ететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткіші», «Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші» бойынша тексеру мақсатқа сай келеді. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативтермен пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай алынып тасталған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормаларында А қосымшасында келтірілген терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылады.

4 МАҚСАТ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫ ТАЛАПТАР

4.1 Осы мемлекеттік құрылыс нормаларының мақсатына функционалдық талаптарды, сонымен қатар, әлеуметті пәтер-үйдің, оның ішінде арнайы тұрғын үйлердің де, үйді жобалау және құрылысын салу, жалдау, бірінші рет бөлу, орналастыру мен есепке алу кезінде есепке алынатын тұтынушылық сапаларын сипаттайтын мөлшерленуші отырған объектінің параметрлерінің минималды көрсеткіштері түрінде жұмыс сипаттамасына қойылатын талаптарды белгілеу жатады.

4.2 Тұрғын ғимараттарға қойылатын функционалдық (тұтынушылық) талаптар осы талаптарға сай келетін тұрғын объектілер қауіпсіз және салауатты өмір сүру жағдайын, энергияны үнемдеп шығындауды, психологиялық ыңғайлылықты, қызметтің барлық қажетті түрлерін қимылдау мен күтуге көп күш пен уақыт кетірмей орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін параметрлерін анықтайды.

5 ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ (ТҰТЫНУШЫЛЫҚ) САПАЛАРЫ

5.1 Мемлекеттік әлеуметтік пәтер-үйді жобалау пәтер-үйлердің әлеуметтік-тұтынушылық сапаларының, сонымен қатар тұрғын және пайдалы ауданның мөлшерлі төменгі шектерінің, тұрғын үйдің жайлылық деңгейініңесебімен жүзеге асуы керек.

Тұрғын аудандардың төменгі шектері тұрғын ауданның санитарлық нормаларынан және сол елді мекен (аудан, облыс) үшін заңнамамен белгіленген инженерлік қамтамасыз етуден төмен бола алмайды.

Тұрғын, пайдалы, жұмыс (өндірістік) және жалпы аудандардың жоғарғы шектері, сонымен қатар тұрмысқа жайлылық және инженерлік қамтамасыз ету деңгейлері жобалау тапсырмасымен белгіленеді.

5.2 Мемлекеттік әлеуметтік пәтер-үй ҚР 16.04.1997 ж. № 94-I заңымен белгіленген мемлекеттік тұрғын қордан тұрғын үй беру шарттарымен анықталатын мақсаттар мен замани қалыптарға сай келуі керек.

5.3 Әлеуметтік қолданудың пәтер-үй үй-жайлары орналасатын тұрғын ортаның сипаттамалары санитарлық ережелердің, санитарлық ережелер мен нормалардың, ҚР ҚНжЕ 3.02-43-2007 «Тұрғын ғимараттар», ҚР ҚН 3.02-01-2011 «Көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары», ҚР ҚН 2.04-01-2011 «Табиғи және жасанды жарықтандыру», ҚР ҚН 2.04-02-2011 «Шудан қорғау», ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысы», ҚР ҚН 3.06-01-2011 «Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі», МҚН 3.02-05-2003 «Тез бейімделмейтін топтар үшін ғимараттар мен құрылыстардың қолжетімділігі» талаптарына сай келуі керек.

5.4 Әлеуметтік пәтер-үйдің үй-жайларын функционалды аймақтау, олардың аудандары, сәулет-жоспарлық және конструктивтік шешімдері, конструкция және әрлеу материалдары, инженерлік жабдықтың жүйелері мен түрлері сәулет-жоспарлық және техникалық сындарға, сонымен қатар белгіленген санитарлық-гигиеналық нормативтерге сәйкес келуі керек.

5.5 Тұрғын ғимараттардың жіктемесіне сәйкес, пәтер-үй үй-жайлардың типтік тұтынушылық сапалары бар әлеуметтік пәтер-үйлерге ортақ типтегі тұрғын үйлер, ҚР ҚНжЕ 3.02-43-2007 «Тұрғын ғимараттар» сәйкес ыңғайлылық дәрежесі бойынша III және IV кластарына жататын бір пәтерлі немесе көп пәтерлі тұрғын үйлер жатқызылуы мүмкін.

5.6 Мемлекеттік әлеуметтік пәтер-үй үй-жайларының аудандарының төменгі шектері Б қосымшасында берілген.

5.7 Пәтерлер мен бір пәтерлі тұрғын үйлерді оларда бір жанұяның тұруы шартынан шыға жобалау керек (1997 жылғы 16-сәуірдегі № 94-I ҚРЗ).

5.8 Пәтер-үйдің типі, оның қабаттылығы әрбір жеке жағдай бойынша белгілі тәртіпке бекітілген қала құрылысы құжаттамасымен анықталады.

5.9 Сейсмикалық белсенділігі асқан аймақтарда тұрғын ғимараттарды жобалау сейсмикаға төзімді құрылыс нормаларының талаптарының есебімен жүзеге асырылады.

5.10 Тұрғын ғимараттарды жобалау және құрылысын салу кезінде құрылыс салынатын телімнің радон қауіптілігінің деңгейін, техногенді радиобелсенді ластанудың және құрылыс материалдарының табиғи радиобелсенділігінің бар екендігін есепке алу керек. Бұл жерде радиациялық қауіпсіздіктің белгіленген талаптарын сақтау керек.

5.11 Пәтер-үйге қойылатын экологиялық талаптарды қамтамасыз ету үшін құрылыс және әрлеу материалдарын құрылыста қолдануға рұқсат берілген полимерлік материалдардың, бұйымдар мен конструкциялардың қолданыстағы тізбесіне сәйкес қабылдау керек.

5.12 Пәтер-үйлерді жобалау кезінде электрмагниттік өрістердің әсер етуінің шекті рұқсатты деңгейлерін қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қабылдау керек.

5.13 Қызмет етуі бар арнайы көп пәтерлі тұрғын үйлер (немесе жаппай құрылыс салудың тұрғын үйлеріндегі пәтерлердің тобы) егде жастағы адамдар мен мүгедектер (жалғыз бастылар және жұбайлық жұптар) тұруға арналған.

5.13 Арнайы пәтер-үйлерде тұрғын ортаны жобалау кезінде әртүрлі аурулары бар тұлғалардың (соқыр, қимыл-тіреу аппараттары бұзылған, соның ішінде кресло-арбамен қимылдайтындары да, ж.с.с.), сонымен қатар медициналық, тұрмыстық және әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж қарт адамдардың өмір сүру шектеулерінің ерекшелігін есепке алу керек.

5.14 Әрбір арнайы пәтер арбадағы мүгедектің тұру (ұдайы немесе уақытша) мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Ол үшін:

– арбадағы мүгедектің функционалдық аймақтарының есебімен пәтер үй-жайының габариттерін және эвакуация жолдарын белгілеу;

– арбадағы мүгедектер мен егде жастағы адамдарға арналған үй-жайларды арнайы жабдықтармен (қолтірегіш ж.с.с.) жабдықтау;

– пәтерде арбадағы мүгедектің тұру мүмкіндігінің есебімен дәретханалардың, ванналардың, ас үйлердің санитарлық жабдықтары мен өзге үй-жайлардың жабдықтарын қарастыру керек.

5.15 Мүгедектердің пәтер-үйі кедергісіз тұрғын орта қалыптастыру қағидатының есебімен жобалануы және мүгедектердің күнделікті өмірлеріне жағдайды және үй шаруашылығын жүргізуді қамтамасыз ететін арнайы жабдықтар мен қондырғылармен жарақтандырылуы керек.

5.16 Көру бойынша мүгедектерге немесе осындай мүгедектері бар жанұяларға арналған тұрғын үйлерде (пәтерлерде, тұрғын ұяшықтарда, жеке бөлмелерде), әдетте, жетектеуші иттерді ұстау үшін орындар болуы керек.

5.17 Пәтерлерде, кемінде, келесі үй-жайлар:

– тұрғын бөлмелер: қонақжай немесе ортақ бөлме, бір немесе бірнеше жатын бөлмелер;

– қосалқы үй-жайлар: кіреберіс (пәтерішілік дәліз немесе холл), ас үй, санитарлық-гигиеналық үй-жайлар (ванна бөлмесі, дәретхана немесе біріктірілген санторап), қойма немесе кірістірілген шкаф, жаздық үй-жайлар (лоджиялар, балкондар, террасалар, дәліздер) (ҚР ҚНжЕ 3.02-43-2007 «Тұрғын ғимараттар», ҚР ҚН 3.02-01-2011 «Көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары») қарастырылуы керек.

Жобалау тапсырмасына сәйкес пәтер үй-жайының құрамына еңбек реалибитациясына арналған үй-жайлар (кабинеттер, шеберханалар), дене тәрбиесімен айналысуға арналған бөлмелер, гардеробтар ж.с.с. кіргізілуі мүмкін.

5.18 Пәтерді жоспарлау тұрудың қажетті жайлылығын қамтамасыз етуі керек. Тұрғын бөлмелердің өлшемдері мен пропорциялары ҚР ҚНжЕ 3.02-43-2007 «Тұрғын ғимараттар» және ҚР ҚН 3.02-01-2011 «Көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары» баяндалған нормативтік талаптарға сәйкес келуі керек.

5.19 Тұрғын үй пәтерлерінің сәулет-жоспарлық шешімі ҚР ҚН 2.04-01-2011 «Табиғи және жасанды жарықтандыру» бойынша олардың инсоляциясын қамтамасыз еті керек.

5.20 Тұрғын бөлмелердің, ас үйлердің, кәрізденбеген санораптардың (дәретханалардың), дәліз (галереялық типтегі) тұрғын ғимараттардың ортақ дәліздерінің, кіру тамбурларының, баспалдақ торларының табиғи жарықтандыруы болуы керек.

5.21 Пәтер-үйді пайдалануға беру қатаң түрде белгіленген тәртіптерге сәйкес жүзеге

асуы керек. Тұтынушының (тапсырысшының) пәтердің өзінің, сондай-ақ тұрғын үйдің (ғимараттың) жалпылама функционалдық мақсатын, жоспарлануын, конструктивтік схемасын, физикалық параметрлерін өздігінен өзгертуге құқығы жоқ.

5.22 Тұрғын құрылыс салудың объектілерін пайдалануға берудің кепілдемелік мерзімі мердігерлердің меншік қалыптарына, олардың бағынушылықтарын және құрылысты қаржыландыру көздеріне тәуелсіз, тұтынушының пайдалануға беру шартын сақтау кезінде, ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес белгіленеді, алайда 2001 жылдың 16-шілдесіндегі № 242-II заңға сай, пайдалануға беру процесінде анықталған өзі жіберген ақауларды мердігер өз қаржысының есебінен, көрсетілген уақытта жоятындығымен қоса, объектіні пайдалануға қабылдаған уақыттан екі жылдан кем бола алмайды.

6 ӘЛЕУМЕТТІК ПӘТЕР-ҮЙДІҢ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ САПАЛАРЫН СИПАТТАЙТЫН ТАЛАПТАР МЕН ПАРАМЕТРЛЕР

6.1 Әлеуметтік пәтер-үй Үкіметтің 17.11.2010 жылғы № 1202 қаулысымен бекітілген ҚР ТР сәйкес құрылыс объектілеріне белгіленген барлық қауіпсіздік талаптарына жауап беруі керек.

6.2 Әлеуметтік пәтер-үйдің тұтынушылық сапасы оны жобалау, құрылысын салу және пайдалануға беру кезінде төмендегі талаптармен сипатталады:

– өмір сүру қауіпсіздігі;

– тұру кезіндегі санитарлық-гигиеналық ыңғайлылық;

– әлеуметтік-функционалдық талаптар.

6.3 Тұру қауіпсіздігі:

– техникалық қауіпсіздіктің;

– өрт қауіпсіздігінің;

– инженерлік жабдықты пайдалану қауіпсіздігінің;

– экологиялық және радиациялық қауіпсіздіктің талаптарымен қамтамасыз етіледі.

6.3.1 Техникалық қауіпсіздіктің талаптары (ғимараттарды пайдалануға берудің нормативтік мерзімінің кезеңінде және табиғи апаттар кезінде):

– конструкциялардың механикалық беріктігі мен төзімділігінің;

– ғимараттың қоршау конструкцияларына арналған нормативтік жылутехникалық сипаттамаларды сақтаудың;

– ғимараттың бірінші қабатының лоджияларында қорғаныш қорғауларын, тиісті сөйлесу және кодтық құрылғысы бар домофондармен жабдықталған (көп пәтерлі тұрғын үйлер үшін) күшейтілген сыртқы шығу есіктерін орнатудың;

– шығыңқы конструкциялар мен іргелерді атмосфералық әсерлерден қорғау, жоғары тиімді оқшаулау және жабын материалдарын пайдалану, жабын мен көпірліктердің ұйымдастырылған су ағынын орнату, ұзақ ғұмырлы бояу құрамдарын пайдалану жолымен үйдің конструктивтік элементтері мен сыртқы әрлеуінің ұзақ ғұмырлығын қамтамасыз ету есебімен қамтамасыз етіледі.

Жобалық құжаттаманы өңдеуші мен мердігер тұрғын ғимаратты пайдалануға берудің (қызметінің) нормативтік мерзімі ішінде, егер бұл мерзім бекітілмеген жағдайда –

20 жыл ішінде, пайдаланушының пайдалануға беру ережелерін сақтау шарты арқылы салынған (құрылған) тұрғын ғимараттың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Пайдалануға берудің (қызметінің) нормативтік мерзімі ғимараттың құрылысын салудың жобалық құжаттамасында көрсетілуі керек.

6.3.2 Өрт қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының өрте қарсы нормалау және стандарттау жүйесінің нормативтік құқықтық және техникалық актілерінде («Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», «Ғимараттарды, құрылыстарды, үй-жайларды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигнализициясымен, хабарлау және өрт кезінде адамдарды эвакуациялауды басқарумен жабдықтауға қойылатын талаптар» техникалық регламенттеріне сай) баяндалған талаптарға сай келуі және:

– жанатын ортаны шектеудің;

– өртену көздерінің пайда болудың алдын алу;

– адамдарды кедергісіз эвакуациялау және материалдық құндылықтарды құтқару мемкіндіктерінің;

– ғимараттың өртке қарсы орнықтылығын, өртке төзімділіктің талапты дәрежесінің;

– өртке қарсы қорғау жүйелерінің (автоматтық өрт сигнализациясы, түтін жою және адамдарды өрт туралы құлақтандыру жүйелері) жұмыс істеу мүмкіндігінің;

– өрттің таралу жолдарының алдын алудың;

– өртті анықтау және таратпаудың;

– өртті жою (өшіру), адамдарды құтқару, өрт бөлімшелерінің қолжетімділік мүмкіндіктерінің есебімен қамтамасыз етілуі керек.

6.3.3 Инженерлік жабдықты пайдаланудың қауіпсіздік талаптары:

– белгілі тәртіпте сертификатталған инженерлік жабдықтар мен бұйымдарды қолданудың;

– пәтер-үйлердің инженерлік жабдығын бөтен адамдардың қолжетімділігінен және тұрғын үйдің қосалқы үй-жайларындағы газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау көздеріне қасақана немесе кездейсоқ механикалық әсерлерінен қорғауды қамтамасыз етудің есебімен қамтамасыз етілуі керек.

6.3.4 Әлеуметтік пәтер-үйдің экологиялық және радиациялық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар:

– мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң бағасын алған қала құрылысы құжаттамасына сәйкес әлеуметтік тұрғын үйдің құрылысын салу;

– қолданыстағы полимерлік материалдардың, бұйымдар мен конструкциялардың қолданыстағы тізбесіне сәйкес құрылыста рұқсат етілген құрылыс және әрлеу материалдарын қолдану;

– мемлекеттік санитарлық қадағалаудың оң қорытындысын алған жобалар бойынша әлеуметтік тұрғын үйдің құрылысын салуесебінен қамтамасыз етілуі керек.

6.4 Әлеуметтік пәтер-үйдің үй-жайларындағы санитарлық-гигиеналық ыңғайлылық:

– температуралық-ылғалды ыңғайлыққа және ауа алмастыру қарқындылығына;

– ауыз судың сапасына;

– сұық қалдықтар мен жуындыларды жоюға;

– қатты қалдықтарды жоюға;

– үй-жайлардың инсоляциясына;

– үй-жайлардың жарықтандырылуына;

– акустикалық ыңғайлылыққа қойылатын талаптармен қамтамасыз етіледі.

6.4.1 Әлеуметтік пәтер-үй үй-жайдың температуралық-ылғалдылық ыңғайлылығына және ауа алмасу қарқындылығына қойылатын талаптар:

– пәтердің үй-жайларында табиғи желдету мен микроклиматтың параметрлерін ҚР ҚН 2.04-01-2011 «Табиғи және жасанды жарықтандыру», ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысы» сәйкес қамтамасыз етудің;

– үй-жайлардағы ауаның есептік температурасы мен ауа алмасу қысқалығы ҚР ҚН 4.02-02-2011 есебінен қамтамасыз қарастырылуы керек.

6.4.2 Әлеуметтік пәтер-үйлер сумен жабдықтау жүйесімен ҚР ҚНжЕ 3.02-43-2007 «Тұрғын ғимараттар» және ҚР ҚН 4.02-01-2011 «Ауаны жылыту, желдету және салқындату» сәйкес жабдықталады. Ауыз судың сапасы санитарлық-гигиеналық нормалардың талаптарына сәйкес келіп, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың мемлекеттік органдарымен белгілі тәртіпте бақылануы керек.

6.4.3 Сұйық қалдықтар мен жуындыларды жою үшін әлеуметтік тұрғын үйлер, әдетте, орталықтандырылған (немесе локалдық) шаруашылық-фекалдық кәріздің жүйесімен жабдықталады.

6.4.4 Қатты қалдықтарды жою үшін:

– пәтерлік типтегі тұрғын үйлерде және жерүстілік қабаттарының саны 4 және одан да асатын жатақханаларда қоқыс құбырларын қарастыру керек;

– қоқыс құбырларымен жабдықталмаған ғимараттардың тұрмыстық қоқыстарын жоюды қамтамасыз ету үшін арнайы берілген алаңшаларда қоқыс жинайтын контейнерлерді орнатуды қарастыру керек;

– жерүстілік қабат саны үш және одан да асатын қарттарға арналған тұрғын үйлерде жәнежерүстілік қабат саны 2 және одан да асатын мүгедектерге арналған тұрғын үйлерде қоқыс құбырларын қарастыру талап етіледі.

6.4.5 Үй-жайдың инсоляциясына қойылатын талаптар:

– тұрғын құрылыс салу аумағындағы тұрғын ғимараттардың инсоляциясы санитарлық талаптардың нормаларына жауап беруі керек;

– ҚР ҚНжЕ 3.02-43-2007 «Тұрғын ғимараттар» сәйкес жылдың есептік мерзімінде пәтерлер үшін:

солтүстікаумақтың (58° с.ш. солтүстігірек) 22-сәуір мен 22-тамыз аралығында күніне 2,5 сағаттан кем емес;

орталықаумақтың (58° с.ш. – 48°с.ш.) – 22-наурыз бен 22-қыркүйек аралығында күніне 2 сағаттан кем емес;

оңтүстік аумақтың(48° с.ш. оңтүстігірек) – 22-ақпан мен 22-қазан аралығында күніне 1,5 сағаттан кем емес инсоляцияның күн бойына толассыз ұзақтығы:

– бір-, екі- және үш бөлмелі пәтерлерде – кемінде бір тұрғын бөлмемен;

– көп және одан да көп бөлмелі пәтерлерде – кемінде екі тұрғын бөлмемен қамтамасыз етуі керек.

6.4.6 Әлеуметтік пәтер-үйдің жарықтандырылуына қойылатын талаптар:

– тұрғын бөлмелердің, ас үйлердің, кәрізделмеген санторaптардың (әжетханалардың) кіреберіс тамбурлардың (тікелей пәтерге апаратындардан басқаларының) баспалдақ торларының, ортақ дәліздердің (дәліздік типтегі тұрғын ғимараттардағы галереялардың), сонымен қатар, жатақханалардағы қоғамдық мақсаттағы үй-жайлардың және қарттар мен мүгедектері бар жанұяларға арналған тұрғын үйлердің үй-жайларының табиғи жарықтандыруы болуы керек;

– жарық ойықтарының ауданының тұрғын үй-жайлардың, ас үйлердің және ас үй-асханалардың едендерінің аудандарына қатынасын кемінде 1:5,5 және 1:8 аспайтын, ал мансардалық қабаттарда орналасқан үй-жайлар үшін, иілмелі мансардалық терезелер орнату кезінде – кемінде 1:10 (ҚР ҚНжЕ 3.02-43-2007 «Тұрғын ғимараттар») етіп алу керек;

– тұрғын үй-жайлардың жарық ойықтарының ауданын табиғи жарықтандыру коэффициентінің нормативтік мәніне сәйкес қабылдау керек. Ғимарат қасбетінің қажетті сәулеттік айқындылығына жету мақсатында жеке жарық ойықтарының аудандарын ұлғайтуға рұқсат беріледі.

6.4.7 Тұрғын үй-жайлардың акустикалық ыңғайлылығы тұрғын үйлерді ҚР СанЕжН № 3.01.035–97 «Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың үй-жайларындағы және тұрғын құрылыс салу аумағындағы шудың мөлшерлі-рұқсатты деңгейі» талаптарына сәйкес жобалау кезінде үй-жайларды шудың сыртқы және ішкі көздерінен қорғау жөніндегі шаралармен қамтамасыз етілуі керек.

6.5 Әлеуметтік пәтер-үйлерге қойылатын әлеуметтік-функционалдық талаптар:

– әр үй шаруашылығының кеңістік автономдылығының (тұрғын үйлердің (пәтерлердің) құрылысы қала құрылысы құжаттамасы негізінде және әрбір үй шаруашылығының кеңістік автономдылығын қамтамасыз ететін көлемдік-жоспарлық шешімдерінің есебімен өңделген жобалар бойынша жүзеге асырылады);

– функционалдық қауіпсіздіктің, соның ішінде төмендегілерді құрайтын денесі әлсіреген тұлғалардың функционалдың қауіпсіздігінің есебімен қамтамасыз етіледі:

– пәтердің тұрғын, қосалқы үй-жайларды, ашық үй-жайларын (соның ішінде, эвакуациялық емес, шыныланған, тиісті сәулет және конструктивтік шешімдерді өңдеуі бар лоджияларды) функционалдық аймақталуы, жеке тұрғын үйлер үшін – дәліздердің, шатырлық кеңістіктің (болашақта оны үй ретінде жабдықтау мүмкіндігімен) бар болуы;

– ауылды жерде тұрғызылған үйді (пәтерді) тұрғын және шаруашылық аймақтарға бөлу, шаруашылық аймақтың үй-жайларының пәтерге қатысты теліммен байланысын ұйымдастыру, қосалқы үй-жайлардың (дәліздің, қойманың, от жағылатын жердің ж.с.с.) кеңестілген құрамы;

– үйге қатысты аумақты абаттандыру (қоршау, көгалдандыру, жолдарға төсеніш төсеу);

– тиісті функционалдық аймақтардың (көлбеу және тік аймақтандыруды қоса) қалыптасуын және сау адамдармен бірге халықтың қимылы шектелген және денесі

әлсіреген топтарының өмір сүру процестерін ұйымдастыруды қамтамасыз етуі керек пәтерлердің үй-жайларының оңтайлы габариттері (ені, тереңдігі, биіктігі).

7 ТҰРҒЫН ҒИМАРАТТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Тұрғын үй-жайларды тұрғын ғимараттардың жертөлелік және іргелік қабаттарында орналастыруға жол берілмейді.

7.2 Мемлекеттік әлеуметтік пәтер-үйлердегі пәтерлер (жатақхананың тұрғын ұяшықтары), әдетте, оларға бір жанұяны кіргізу шартынан жобаланады.

7.3 Пәтерлерде тұрғын бөлмелер мен ас үй (ас үй-ниша), кіреберіс (дәліз), санитарлық тораптар сияқты қосалқы үй-жайларды қарастыру керек. Пәтерішілік қойманы және/немесе кірістірме шкафтарды қарастыруға рұқсат беріледі.

7.4 Балкондарды және/немесе лоджияларды орнатуға барлық климаттық аудандарда жол беріледі. Бір бөлмелі және бір қабатты көп пәтерлі тұрғын үйлерде дәліз және/немесе террасаларды орнатуға болады.

7.5 Пәтерлерде унитазбен жабдықталған үй-жайға тікелей ас үйден және тұрғын бөлмелерден (7.6. т. көрсетілгендерден басқа) кіруге жол берілмейді.

7.6 Арбадағы мүгедектері бар жанұяларға арналған пәтерлерде ас үйден және тұрғын бөлмелерден унитазбен жабдықталған үй-жайға кіруге рұқсат беріледі.

7.7 Жатын бөлмелерді өтпелі емес етіп жобалау керек. 2–, 3– және 4– бөлмелі пәтерлердің жалпы бөлмелерін өтпелі етіп жобалауға жол берілмейді.

7.8 Санитарлық тораптардың аспаптары мен құбыр жолдарын тұрғын бөлмелерді қоршап тұрған пәтераралық қабырғалар мен арақабырғаларға тікелей бекітуге жол берілмейді.

7.9 Эвакуация жолдарында өтуге кедергі жасайтын, төсемдерді тысқа (ортақ дәлізге, галереяға, баспалдақ алаңшасына) қарай ашылатын пәтерге (тұрғын ұяшыққа) кіру есіктерінің құрылғысына жол берілмейді.

7.10 Қоғамдық мақсаттағы және шағын кәсіпкерліктің тұрғын емес үй-жайларын пайдалану ғимараттың тұрғын бөлігінде әуе ортасының, шудың, дірілдің, электрмагниттік өрістің нормативтік параметрлерін қамтамасыз етуі, ғимараттың немесе оның бөлігінің бұзылуына, құруына және тұрғындардың өмір сүру жағдайларының бұзылуына әкелмеуі керек.

7.11 Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес тұрғын ғимараттарда:

– жалпы ауданы 700 шаршы метрден асатын байланыс бөлімін;

– жалпы ауданы 150 шаршы метрден асатын дене тәрбиесі-сауықтыру объектілерін;

– отыру орны 50 асатын қоғамдық тамақтану және күніне 500 түскі астан асатын өндірістігі бар үй ас үйлерінің объектілерін;

– ыдыс қабылдау пункттері, сонымен қатар суммарлық сауда ауданы 1000 шаршы метрден асатын дүкендерді;

– оңай тұтанатын заттар қолданылатын тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін (ауданы 250 шаршы мертге дейінгі шаштараздардан, мөлшерлі ауданы 100 шаршы метрге дейінгі сағат жөндеу шеберханаларынан басқа);

– құрылыс, москатель-химиялық және пайдалануға беруі тұрғын үй құрылысының ауасы мен аумақтарын ластануға әкеп соғатын басқа тауарлардың мамандандырылған дүкендерін, ішінде жарылыс-өртке қауіпті заттар мен материалдары бар дүкендерді, мамандандырылған балық және көкөніс дүкендерін;

– мөлшерлі ауданы 100 шаршы метрден асатын тұрмыстық машиналар мен аспаптарды, аяқ-киімдерді жөндейтін шеберханаларды;

– моншаларды, сауналарды (инфрақызыл кабинадан басқа), бассейндерді, ескі-құсқы шикізатты қабылдау пукттерін, кір жуу және химиялық тазалау пункттерін (ауысымына 75 килограмм кір өндірістілігі бар өзіне-өзі қызмет көрсету қабылдау және кір жуу пункттерінен басқа);

– жалпы ауданы 100 шаршы метрден асатын тұрғын ғимараттардың телефонизациясына арналған автоматтық телефон станцияларын;

– қоғамдық дәретханаларды; жерлеу бюроларын (кеңселерін), жерлеу қызметтерін көрсететін бюро-дүкендерді орналастыруға жол берілмейді.

7.12 Ғимараттың тұрғын бөлігінің астындағы іргелік және жертөлелік қабаттарда:

– әртүрлі жабдықтар мен қондырғыларда оңай тұтанатын және жанатын сұйықтықтар мен газдарды, жарылыс заттарын (бір пәтерлі және бұғатталған үйлердің іргелік қабаттарындағы жылу генераторларының үй-жайларынан басқа), жанатын материалдар мен өткір иісі бар заттарды сақтауға, қайта өңдеуге және пайдалануға арналған үй-жайларды;

– балалар болуға арналған үй-жайларды;

– бір өртке қарсы бөлігінде 100-ден аса адам болатын үй-жайларды;

– отыру орындарының саны 100-ден аса адамға арналған кинотеатрларды, конференц-залдарды және басқа залдық үй-жайларды орналастыруға жол берілмейді.

8 ИНЖЕНЕРЛІК ЖАБДЫҚТАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 Суық сумен (шаруашылық-ауыз су және өртке қарсы) және ыстық сумен жабдықтауды, сонымен қатар кәрізді және су ағындарын ҚР ҚН 4.01-01-2011 «Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі» және ҚР ҚНжЕ 4.01-41-2006 «Ғимараттардың ішкі су құбыры және кәрізі» талаптарын сақтау арқылы, берілген елді мекеннің инженерлік қамтамасыз етілуінің есебімен жобалау тапсырмасына сәйкес қарастыру керек

8.2 Тұрғын ғимараттарды жылыту мен желдетуді ҚР ҚН 4.02-01-2011 «Ауаны жылыту, желдету және салқындату» талаптарына сәйкес қарастыру керек.

8.3 Берілген елді мекеннің (ауданның, қаланың) жағдайының есебімен, жобалау тапсырмасында қарастырылған жағдайларда, мемлекеттік санитарлық қызмет органдарымен келісу бойынша жылытудың дәстүрлі емес жүйелерін (соның ішінде – автономдық жүйе) жобалауға болады.

Осы жерде, қатты отындағы пәтерлік суқыздырғыштарды (соның ішінде – аз литражды жылыту қазандарын да) биіктігі 2 жерүстілік қабатқа дейінгі тұрғын ғимараттарда қарастыруға рұқсат беріледі.

Қатты отынмен жұмыс істейтін пәтерлік жылу генераторларын ас үйде немесе жеке арнайы үй-жайларда орнату керек. Бір-екі пәтерлік үйлерде, жылу генераторы орналасқан үй-жайға кіреберісінде пәтердің қосалқы үй-жайынан орнатуға жол беріледі.

Қатты отынмен жұмыс істейтін қайнату және жылыту пештерін (тақталарды) биіктігі 2 жерүстілік қабаттан аспайтын тұрғын үйлерде орнатуға болады.

8.4 Тұрғын ғимараттарға кірістірілген тамақтану кәсіпорындарында қатты отынмен, мангалмен, каминмен жұмыс істейтін қайнату пештерін орнатуға рұқсат жоқ.

8.5 Сыртқы қоршаудың мөлшерлі термикалық кедергісін қамтамасыз ету кезінде 1-типтегі түтінделмейтін баспалдақ торларын жылытпауға жол беріледі.

8.6 Қоғамдық мақсаттағы және шағын кәсіпкерліктің тұрғын емес үй-жайларында жылыту мен желдетудің автономдық жүйелері қарастырылуы керек.

8.7 Басқару құралдарымен және шуы аз сорғысы бар есеппен жарақтандырылған көп пәтерлі тұрғын ғимараттардың жеке жылу пункттерін (ЖЖП) тұрғын бөлмелерден оқшауландырылған жекеше үй-жайларда орналастыру керек.

8.8 Су шығынын есептеу үшін тұрғын ғимараттардағы су есептегіштерді: тұрғын үйлерді орталық жылу пунктінен (ОЖП) қосу кезінде – үйдің суық су құбырының жүйесінде; бақылау-тарату пунктінен (БТП) – суық және ыстық су құбырының жүйесінде жобалау керек.

8.9 Тұрғын ғимараттарға кірістіріле-жанастырылған тұрғын емес үй-жайларда (қоғамдық мақсаттағы және шағын кәсіпкерліктің) суық және ыстық су үшін қосымша су есептегіштерді орнату керек.

8.10 Тұрғын ғимараттарда электрмен жарықтандыруды, күштік электржабдығын ҚР ҚН 4.04-23-2004 «Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды электрмен жабдықтау. Жобалау нормалары» талаптарына сәйкес қарастыру керек.

Тұрғын ғимараттарда байланыс және сигнализация жүйелерін ҚР ҚНжЕ 3.02-10-2010 «Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың инженерлік жабдығының байланыс, дабылдама және диспетчерлеу құрылғылары. Жобалау нормалары» талаптарына сәйкес қарастыру керек.

8.11 Ас үйлерде (ас үй-нишалардан басқа) газэлектрплиталарын немесе газ плитасына қосымша, жобалау тапсырмасымен ескертілген электрплиталарын орнатуды қарастыруға болады.

8.12 Пәтер-үйлерге кірістірілген қоғамдық мақсаттағы және шағын кәсіпкерліктің тұрғын емес үй-жайларында газ жабдығын орнатуға рұқсат жоқ.

8.13 Жерүстілік қабаттарының саны 6 және одан да асатын көп пәтерлі тұрғын ғимараттар лифттермен жабдықталуы керек.

Қарттар мен мүгедектерге арналған мамандандырылған үйлер жерүстілік қабат саны 3 және 2 болған кезде, сәйкесінше жабдықталады.

8.14 Лифттердің машиналық үй-жайын тұрғын бөлмелердің тікелей үстінде, астында, сонымен қатар оларға шектес орналастыруға болмайды.

9 ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1 Әлеуметтік пәтер-үйдің көлемді-жоспарлық шешімдерінің энергиялық тиімділігіне қоршау конструкцияларының ауданын қысқарту – ішкі қабырғалардың параметрлерін ғимарат ауданына минималды ықтимал қатынасы жолымен қол жеткізу керек.

9.2 Тұрғын үйлердің қоршау конструкцияларының жылу техникалық сипаттамалары ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысы», ҚР ҚН 3.02-01-2011 «Көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары», ҚР ҚНжЕ 3.02-43-2007 «Тұрғын ғимараттар» талаптарына сәйкес келуі керек.

9.3 Әлеуметтік пәтер-үйлерде қолданылатын жылумен жабдықтау, жылыту және желдету жүйелері жылу энергиясының нормативтік салыстырмалыдан аспауын қамтамасыз етулері керек.

9.4 Пәтерлік типтегі әлеуметтік тұрғын үйлердегі энергия пайдалануды есепке алу үшін қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес судың, газдың, жылу және электр энергиясының шығынын реттеу мен есепке алу аспаптарын орнату керек.

А ҚОСЫМШАСЫ

(міндетті)

Терминдер мен анықтамалар

А.1 **Балкон –** ғимарат қасбетінің қабырғасының жазықтығынан толығымен сыртқа шығарылған қоршаулы алаңша.Әдетте, балкон жеке алынған пәтердің бөлігі болып табылады, бірақ ортақ қолдануға арналған ғимараттың бөлігі де бола алады.

А.2 **Тұрғын үйдегі кедергісіз орта** – сипаттары мен байланыс жолдарының габариттері ерекше қиындықсыз және көмексіз әрекет ете алмайтын, қимылдау қасиеттері бұзылған (балдақ, таяқ, протез, мүгедек арбаларын ж.с.с. пайдаланатын), дене бітімі әлсіреген тұлғалардың талаптарына сәйкес келетін пәтерлер, тұрғын ғимараттар, тұрғын құрылымдар.

А.3 **Дәліз** – сыртқа тікелей шығысы бар, жанастырмалы (кірістіріле-жанастырылған) от жағылмайтын (әдетте – әйнектелген) үй-жай. Әдетте, дәліз жеке алынған пәтерге жалғанып салынады.

А.4 **Кірістіріле-жанастырылған үй-жайлар –** негізгі ғимаратқа кірістірмелі де, жанастырмалы да бөлігі бар үй-жайлар.

А.5 **Мемлекеттік әлеуметтік тұрғын үй** – үнемі тұруға арналған және бекітілген техникалық, санитарлық және басқа міндетті талаптарға жауап беретін, тұрғын заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік осал қатарына жататын, сондай-ақ әлеуметтік қолдауға құқығы бар мұқтаж азаматтарға мемлекеттік тұрғын қордан берілетінтұрғын үй.

А.6 **Мемлекеттік тұрғын қор** – меншік құқығы бойынша мемлекеттің иелігіндегі және коммуналдық тұрғын қорына, мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын қорына, сонымен қатар мемлекеттік мекеменің тұрғын қорына кіретін тұрғын үй.

А.7 **Тұрғын үй –** бекітілген техникалық, санитарлық және басқа міндетті талаптарға жауап беретін, үнемі тұруға арналған және пайдаланылатын жеке тұрғын бірлік (тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме).

А.8 **Тұрғын үй (тұрғын ғимарат)** – негізінен тұрғын үй-жайлардан (пәтерлерден) және ортақ қолданыстағы үйдің бөліктерінен, сонымен қатар тұрғын емес үй-жайлардан тұратын құрылыс.

А.9 **Дәліздік (галереялық) типтегі тұрғын ғимарат** – тұрғын үй-жайларының (пәтерлерінің) ортақ дәліз (ортақ галерея) арқылы сыртқа немесе екі және одан да көп баспалдақ торларына шығысы бар ғимарат.

А.10 **Секциялық типтегі тұрғын ғимарат** – ішіндегі пәтерлерінің (немесе жатақхана бөлмелерінің) ортақ галерея (дәліз) арқылы кемінде екі сатыға шығысы бар бір немесе бірнеше секциядан тұратын ғимарат.

А.11 **Типтік тұтынушылық сапалардың тұрғын үй-жайы** – тұруға қатысты бекітілген санитарлық және техникалық талаптарға жауап беретін, сол елді мекеннің жағдайына қолданбалы тұрмысқа ыңғайлы тұрғын үй-жай.

А.12 **Тұрғын үй-жай** – үнемі өмір сүруге арналған және пайдаланылатын, тұрғын ауданмен бірге тұрғын үйдің тұрғын емес ауданын қоса, жеке үй-жай (пәтер).

А.13 **Жер телімі** – заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша тұрғын үйге бекітілген жер аумағы.

А.14 **Жаздық үй-жайлар** – төмендетілген коэффициенттері бар пәтердің (тұрғын үйдің) жалпы ауданына кіретін балкондар, лоджиялар.

А.15 **Тұрғын емес үй-жай** – үнемі тұрудан басқа мақсаттарға,соның ішінде қоғамдық мұқтаждыққа және/немесе шағын кәсіпкерлікке, арналған және пайдаланылатын, тұрғын үйге жеке кірістірілген (кірістіріле-жанастырылған) үй-жай.

А.16 **Жылытылмайтын үй-жайлар –** жылыту жүйесі жоқ және пәтердің (тұрғын үйдің) тұрғын емес ауданына кіретін пәтердің (тұрғын үйдің) тұрғын емес үй-жайлары (суық қоймалар, дәліздер және сол сияқтылар). Жылымайтын үй-жайларға пәтерішілік өтпелер мен дәліздер жатпайды.

А.17 **Жанастырылған үй-жайлар** – қосалқы, қосымша, техникалық мақсаттарға немесе негізгі ғимаратпен функционалды байланысы жоқ мақсаттарға арналған, негізгі ғимараттың төменгі қабаттарына кірістірілген жеке үй-жайлар (үй-жайлардың тобы).

А.18 **Санитарлық торап (санторап)** – қолжуғышпен, унитазбен, ваннамен және/немесе душпен жабдықталған үй-жай. Санторап жекемен қоса, біріктірілген де болуы мүмкін.

А.19 **Тұрғын үйдің секциясы** – басқа бөліктерден саңлаусыз қабырғамен, тысқа шығатын ортақ шығысы немесе бір баспалдақ торы бар ғимарат немесе тұрғын үйдің бөлігі.

А.20 **Қызмет көрсетуі бар арнайы тұрғын үй (арнайы тұрғын үй)** – медициналық, тұрмыстық және арнайы қызмет көрсетуге мұқтаж жалғыз басты мүгедектердің (соқыр, немесе қимыл-тіреу аппараттары бұзылған, соның ішінде кресло-арбамен қимылдайтындары да, ж.с.с.) немесе олардың жанұяларының және қарт жалғыз басты адамдар мен олардың жанұяларының ұдайы тұруына қызмет ететін пәтер типтегі арнайы тұрғын ғимарат.

А.21 **Арнайы пәтер** – халықтың тез бейімделмеген тобының (қарттар мен мүгедектердің) және күрделі үш ұрпақты жанұялардың өмір сүруінің ерекше өзгешілігінің есебімен жобаланған пәтер.

А.22 **Терраса (тұрғын ғимараттарға қолданылатын)** – ғимаратта жанасқан,сүйенішпен (парапетпен, сәнді тормен, тіреу қабырғасымен, жасыл көшеттермен ж.с.с.) қоршалған және дайындалған топырақта, арнайы тақтада немесе төмен орналасқан қабаттың пайдалануға берілетін жабынында орналасқан ашық жазғы алаңқай. Терраса, әдетте, бір немесе бірнеше пәтердің (тұрғын үйдің) бөлігі болып табылады және дем алуға арналған, төбесі (қалқа, тент, пергола ж.с.с.) болуы мүмкін.

А.23 **Тамбур** – ғимаратқа, баспалдақ торына немесе басқа үй-жайларға кіруде суық ауаның, түтіннің және иістің енуінен қорғайтын есіктер арасындағы өтпелі кеңістік.

А.24 **Денесі әлсіреген тұлғалар (денсаулық мүмкіндігі шектеулі тұлғалар)** – сау адамдарға жасалған сәулеттік ортада қимылдау мен өзіне-өзі қызмет көрсету кезінде денсаулық жағдайына байланысты ден қиындықтар шегетін тұлғалар (қарттар, әртүрлі нозологиялық топтардың мүгедектері, ауруы асқынған науқастар, жарақат алғандар, жүкті әйелдер, қолдарында немесе арбада балалары бар ересектер).

А.25 **Тұрғын үйлерге қойылатын функционалды (тұтынушылық) талаптар** – тұру қауіпсіздігінің, энергияны тұтынудың, тұрудың санитарлық-гигиеналық және әлеуметтік-функционалдық ыңғайлылығының деңгейін анықтайтын тұрғын үй-жайлардың, тұрғын үйлердің, олардың орналасуының сипаттамалары мен параметрлері.

А.26 **Ортақ қолданыстағы тұрғын үйдің бөліктері** – жеке қолданыстағы үй-жайлардан басқа, және кіреберістерді, арбалық, қоқыс жинайтын камераларды, баспалдақтарды, лифттерді, шатырларды, төбелерді, жертөлелерді, жалпыүйлік техникалық үй-жайларды және сол сияқтыларды қосатын тұрғын үйдің бөліктері.

А.27 **Шатыр** – жабын (төбежабын) мен жоғарғы қабаттың арақабырғасы арасындағы кеңістік.

А.28 **Желдетуге арналған шахта** – қабаттарғы желдетілетін барлық пәтерлердің жалпы ауданының кемінде 1/30 көлденең қимасы бар ғимараттың биіктігіне негізделген желдету торымен көлденең қорғалған бос кеңістік.

А.29 **Эркер** – қасбеттің жазықтығынан шығатын жылытылатын үй-жайдың бөлігі.

А.30 **Мансардалы қабат** – шатырлы кеңістіктегі, қасбеті көлбеу және тік құлама төбенің бетінде (беттерінде) толық және ішінара салынған қабат, бұл жағдайда шатыр мен қасбет жазықтықтарының қиысу сызығы мансардалық қабат едені деңгейінен 1,5 м-ден аспайтындай жоғары биікте болуға тиіс.

А.31 **Жерүсті қабаты** – үй-жайдың еден белгісі жоспарланған жер белгісінен төмен болмайтын қабат.

А.32 **Жертөле қабаты** – еден белгісі жоспарланған жер белгісінен онда орналасқан үй-жайлардың биіктігінің жартысына қарағанда төмен қабат.

А.33 **Техникалық қабат** – инженерлі құрал-жабдықтар орналастыруға және коммуникациялар жүргізуге арналған қабат, төменгі (техникалық еденастында) және/немесе жоғарғы (техникалық шатырда) қабаттарда орналасуы мүмкін. Жекелеген жағдайларда орташа жерасты қабаттарының бірін алуы мүмкін.

А.34 **Шығыңқы іргелік қабат** – жоспарланған жер белгісінен төмен, жер асты биіктігі үй-жайдың биіктігінің жартысынан аспайтын төменгі қабат.

Б ҚОСЫМШАСЫ

(міндетті)

Мемлекеттік әлеуметтік пәтер-үй үй-жайларының аудандарының төменгі шектері

– бірбөлмелі пәтердегі тұрғын бөлме 15 м^2;

– екі және одан да көп бөлмелі пәтердегі жалпы (қонақ) бөлме 16 м^2;

– жатақхананың тұрғын ұяшығындағы жалпы (қонақ) бөлме 12 м^2;

– екі және одан да көп бөлмелі пәтердегі (жатақхананың тұрғын ұяшығындағы) жатын бөлме 9 м^2;

– ас үй 9 м^2;

– ас үй-ниша 6 м^2;

– тұрғын бөлмелердің саны екіден асқандағы ас үй 12 м^2

ӘДК 728 **СХК 91.040.30**

Негізгі сөздер: мемлекеттік нормативтік-техникалық құжат, құрылыс нормалары, мемлекеттік әлеуметтік пәтер-үй, әлеуметтік пәтер-үйдің тұтынушылық (функционалдық) сапалары, негізгі тұтынушылық сапаларға қойылатын талаптар, тұрғын ғимараттардың элементтеріне қойылатын талаптар

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ 1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ 1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ 3
4 ЦЕЛЬ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ 3
5 ОСНОВНЫЕ ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ (ПОТРЕБИТЕЛЬСКИЕ) КАЧЕСТВА СОЦИАЛЬНОГО ЖИЛЬЯ 3
6 ТРЕБОВАНИЯ И ПАРАМЕТРЫ, ХАРАКТЕРИЗУЮЩИЕ ПОТРЕБИТЕЛЬСКИЕ КАЧЕСТВА СОЦИАЛЬНОГО ЖИЛИЩА 6
7 ТРЕБОВАНИЯ К ОСНОВНЫМ ЭЛЕМЕНТАМ ЖИЛЫХ ЗДАНИЙ 10
8 ТРЕБОВАНИЯ К ИНЖЕНЕРНОМУ ОБОРУДОВАНИЮ 11
9 ТРЕБОВАНИЯ К ЭКОНОМИИ ЭНЕРГИИ 14
ПРИЛОЖЕНИЕ А (*обязательное*) Термины и определения 15
ПРИЛОЖЕНИЕ Б (*обязательное*) Нижние пределы площади помещений государственного социального жилища 18

ВВЕДЕНИЕ

Настоящие Строительные нормы (далее СН) вводятся в действие для применения на обязательной основе в качестве нормативного документа Республики Казахстан. Строительные нормы направлены на обеспечение защиты интересов граждан и государства в вопросах качества социального жилища путем установления в государственных нормах обязательных функциональных требований и требований к рабочим характеристикам, определяющих основные потребительские качества социального жилища и позволяющих обеспечить оптимальный уровень потребительских качеств благоустроенных жилищ, который гарантируется государством.

